

## Павлодар қаласының аумағында қалалық қатынастарда жолаушылар мен багажды тұрақты автомобильді тасымалдауға сараланған тарифті белгілеу туралы

Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 18 қарашадағы № 1861/3 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 21 қарашада № 30640 болып тіркелді.

**Ескерту. 01.12.2022 бастап қолданысқа енгізіледі - осы қаулының 3-тармағымен.**

Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19-бабына, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына сәйкес, Павлодар қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Павлодар қаласының аумағында қалалық қатынастарда жолаушылар мен багажды тұрақты автомобильді тасымалдауға сараланған тариф келесі мөлшерде белгіленсін:

- 1) электронды төлем жүйесі арқылы, Интернет желісі және байланыс құрылғысы арқылы жол жүру үшін қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде – 100 (жүз) теңге;
- 2) жол ақысын қолма-қол төлеу кезінде – 200 (екі жүз) теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімдігінің 19.12.2023 № 1803/2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Павлодар қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2022 жылғы 1 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Павлодар қаласының әкімі*

*А. Байханов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Павлодар қалалық  
мәслихаты